

**Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 33 /4 "Теміртау қаласы мен Ақтау кенті бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 8 тамыздағы № 7/6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 тамызда № 6475-09 болып тіркелді

Теміртау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 33/4 "Теміртау қаласы мен Ақтау кенті бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшерін айқындау туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29992 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. Осы Теміртау қаласы және Ақтау кенті бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 " Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) қағидаларына (әрі қарай - шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді.";

4-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"4. Шығындарды өтеу өтініш берілген айдан бастап мүгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтамада көрсетілген мерзім аяқталған айға дейін жүргізіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК